

**Ақтөбе облыстық мәслихатының
Ш Е Ш І М І**

Ақтөбе қаласы

№193

2017 жылғы 14 тамыз

**Ақтөбе облысының ішкі істер
органдарының жергілікті полиция
қызметі басшысының 2017 жылдың
1 жартыжылдығына есебі және оның
қызметін бағалау**

Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Жақсығалиевтің 2017 жылдың 1 жартыжылдығында атқарылған жұмыстары туралы есебін тыңдап және талқылай келе, «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі 100 нақты қадамның» 30 қадамында қарастырылған, Елбасының тапсырмаларын іске асыру бойынша есепті кезеңде белгілі бір нәтижелер бар екендігін Ақтөбе облыстық мәслихаты атап өтеді.

2017 жылдың бірінші жартыжылдығында облыста қылмыстарды тіркеу 32 % азайғандығы байқалады.

Қоғамдық орындарда жасалған қылмыстар саны 16%, көшелерде орын алғаны 14% азайды. Көше қылмыстары азайды, ұрлық - 21, қарақшылық - 39% және бұзақылық - 48%, сонымен қатар, осы жасалған қылмыстардың жол-патрульдік полицейлермен ізін суытпай ашылуы 2 есеге көбейді.

Сонымен қатар, тіркелген қылмыстардың жалпы санының 57% құрайтын, басқаның мүлкін ұрлау түрі басым болып тұр. Негізгі себептері, пәтерлердің әлсіз қорғалуы, дабыл құрылғыларының және басқа да күзету жүйелерінің, қоршаулардың және т.б. болмауы болып табылады.

Өткен кезеңде облыс орталығында 795 көлікте ұрлық болған, ұрлық күндізгі мезгілде әкімшілік ғимараттарда, мемлекеттік мекемелерде, түн мезгілінде аулаларда тұрған көліктерде. Бүгінгі күні Ақтөбе қаласында 125 мың автокөлік тіркелген, соңғы үш жылда 5 мыңнан астам автокөлік тіркелген.

Жалпы 18% төмендесе де, мал ұрлығына тосқауыл қою мәселесі өзекті болып отыр. Ұрлықтың болуының негізгі себептері малды бағуды дұрыс ұйымдастырмау, бақташылармен келісім қарым-қатынастың болмауы, ауылдық округ әкімдерінің тарапынан бақылаудың болмауы, сондай-ақ тұрғындардың өздерінің малдарына дұрыс қарамауы.

Жол-патрульдік полициялармен, учаскелік инспекторлармен және ювенальды полицияның күшімен жүзеге асырылатын, қоғамдық тәртіпті

және жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жергілікті полиция қызметі тарапынан айрықша назар аударылады. Көше қылмысы азайғанымен, оның салыстырмалы көлемі әлі де жоғары болып отыр. Әрбір төртінші қылмыс көшеде жасалған. Осыған орай, бүгінгі күні патрулдеу бағыттарының саны 16 дан 23 сағатқа ұлғайтылды, сондай-ақ қала сыртында автопатрулдеу.

Облыста 567 көңіл көтеру орындары бар, оларда ағымдағы жылдың 6 айында 200 астам қылмыс жасалған. Бейне бақылау жүйесімен қамтамасыз ету бар болғаны 48,3% құрайды.

Қылмыстың алдын алудың негізгі аспектілерінің бірі тұрғындардың құқықтық тәртіпті сақтауға тұрғындардың қатысуы және жергілікті атқарушы органдардың қолдауы болып табылады.

Осы мақсатта, ағымдағы жылдың тамыз айының соңына дейін, ерікті негіздегі қоғамдық көмекшілердің санын көбейту, учаскелік полиция пункттері жанынан қоғамдастық Кеңестерінің жұмыстарын жаңғырту жоспарлануда. Жергілікті полиция қызметінің имиджін көтеру үшін ағымдағы жылдың 20 шілдесінен бастап облыс аумағында тұрғылықты мекен-жайлары бойынша азаматтардың жиындары ұйымдастырылды. Жоспарланған 468 жиынның 275 өтті.

Сонымен қатар, жасөспірімдер қылмысының алдын алу, мал ұрлығы, учаскелік инспекторлардың жұмыстары, жергілікті полиция қызметтерінің аудан әкімдерімен жеткіліксіз өзара жұмысы, сондай-ақ облыс аудандарында учаскелік полиция пункттерінің жетіспеушілігі бойынша бірқатар өзекті мәселелер бар.

Баяндалғандардың негізінде және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабының 1-тармағының 6-1) тармақшасына және «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 23 сәуірдегі №199 Заңының 9-1-бабының 6-тармағына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің басшысы Қ.С.Жақсығалиевтің 2017 жылдың 1 жартыжылдығына есебі назарға алынсын. Жергілікті полиция қызметінің 2017 жылдың 1 жартыжылдығына жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

2. Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметіне ұсынылсын (Қ.С.Жақсығалиев):

1) жариялылық және ашықтық негізде, іскерлік және кәсіби қасиеттерін ескере отыра, жергілікті полиция қызметінің кадрлық құрамын, әсіресе сержанттық құрамды қалыптастыруды қамтамасыз ету;

2) ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметінің жұмысы туралы тұрғындар арасында жариялылықты және кеңінен түсіндіруді қамтамасыз ету;

3) тұрғындардың жергілікті полиция қызметіне деген сенімін арттыру үшін азаматтық қоғамдық институттармен үнемі өзара қарым-қатынас орнатуды қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес құрылған Қоғамдық кеңестер мен басқа да консультативті-кеңесші органдардың қоғамдық бақылау жүйесін қолдану;

4) бұрын сотталған тұлғалармен, алкогольдік ішімдік ішу жағдайында жасалатын, отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар саласындағы қылмыстардың деңгейінің өсуіне жол бермеу, құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға бейім тұлғаларды анықтау және есепке алу мақсатында, облыс аумағында тиісті жедел-алдын алу шараларын өткізу;

5) қоғамдық орындар мен көшелерде жасалатын қылмыстарды болдырмау бойынша ұйымдастырушылық-тәжірибелік шаралар қабылдау;

3. Ақтөбе қаласының және аудандардың әкімдері мен мәслихат хатшыларына Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен бірге (Қ.С.Жақсығалиев):

1) жергілікті полиция қызметі басшылары мен учаскелік полиция инспекторларының халықтың алдында есеп беру кездесулерін ұйымдастыруға ықпал етуді және жергілікті атқарушы және өкілді органдардың өкілдерінің қатысуын, өткізілетін есептер мен олардың нәтижелері туралы тұрғындарды уақытылы ақпараттандыруды қамтамасыз ету;

2) есептік кездесулерде айтылған азаматтардың өтініштеріне жергілікті полиция қызметімен бірге шұғыл ден қою шараларын қабылдау;

3) қоғамдық тәртіпті сақтауға азаматтардың қатысуын ұйымдастыру, қоғамдық тәртіпті сақтауға белсенді қатысушы азаматтарды марапаттау бойынша шараларын қабылдау;

4) әйелдер мен балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу мәселелерінде әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссиялардың жергілікті полиция қызметімен белсенді қарым-қатынасын ұйымдастыру;

5) жаяу жүргіншілердің мүддесін ескере отыра жол инфрақұрылымын жоспарлау және әзірлеу, қауіпті аймақтарда жерасты және жерүсті өткел жолдарының құрылыстарын жүргізу, мектептер мен бала-бақшалардың айналасында көліктерден бос қауіпсіздік аймағын құру, сондай-ақ басқа да шаралар қабылдау;

6) мәдени және саудалық маңызы бар нысандарды салу, сондай-ақ көшелерді қайта құру барысында міндетті түрде көліктерге арналған тұрақтардың болуын қарастыру;

7) қалалар мен ауылдарда қоғамдық тәртіпті сақтауға қатысатын, құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылымдар жүйесін кеңейту бойынша кешенді шаралар өткізуді жалғастыру;

8) көлік-жол апаттарының орын алуына себеп болатын кемшіліктерді анықтау үшін елді мекендер мен жергілікті маңыздағы жолдарда көше-жол желілеріне тұрақты түрде зерттеу жүргізу;

9) облыстың қалалары мен аудандары аумағында «Қауіпсіз аула» бағдарламасын енгізу бойынша жұмысты жандандыру;

10) облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №84 шешімімен бекітілген, Ақтөбе облысының аумағында жануарларды асырау Қағидаларының 7-тармағында қарастырылған, қараусыз жануарларды уақытша асырау үшін ауылдық елді мекендердің аумақтарында арнайы жабдықталған орындарды белгілеу бойынша шаралар қабылдау;

11) учаскелік полиция пункттеріне жеке ғимараттар, сондай-ақ қызмет көрсетілетін әкімшілік учаскеде учаскелік полиция инспекторлары үшін қызметтік тұрғын үйлер бөлу мүмкіндіктерін қарау ұсынылсын.

4. «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ (Қ.О.Отаров), «Атамекен» аймақтық кәсіпкерлер палатасымен және басқа да бизнес-құрылым бірлестіктерімен бірге, түзелу жолында тұрған тұлғаларды жұмыспен қамту үшін шағын және орта бизнестің, экономиканың нақты секторының қорын пайдалану ұсынылсын.

5. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ (С.Р.Өмірбекова), «Ақтөбе облысының жастар саясаты мәселелері басқармасы» ММ (С.К.Тайшенов) Ақтөбе облысының жергілікті полиция қызметімен (Қ.С.Жақсығалиев) бірге ұсынылсын:

1) бос уақыттарын тиімді пайдалануды ұйымдастыруға жасөспірімдер мен жастарды барынша тарту мақсатында аула клубтарының желілерін кеңейту бойынша шаралар қабылдау;

2) кәмелетке толмағандардың заңды өкілдерінің еріп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде немесе тұрғынжайдан тыс жерде болу, сонымен бірге алкоголь өнімдері мен темекі бұйымдарын заңсыз сату фактісін анықтау үшін жастар жаппай жиналатын жерлерді, оның ішінде: түнгі клубтарда, дискотека, кафе, барлар мен компьютерлік залдарды қамтый отыра, апта сайын рейдтік шаралар жүргізу.

6. «Ақтөбе облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ (О.М.Смағұлов), «Ақтөбе облысының қаржы басқармасы» ММ (Г.Р.Сүйентаева) жергілікті полиция қызметімен (Қ.С.Жақсығалиев) бірге жергілікті полиция қызметінің материалды-техникалық жабдықталуының жеткіліксіздігіне назар аудару және осы мәселені кезең-кезеңімен шешу бойынша шаралар қабылдау ұсынылсын.

**Облыстық мәслихаттың
сессия төрағасы**

Ғ. ЕЛЕУОВ

**Облыстық
мәслихаттың хатшысы**

С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА